

Ө.ғ.к., аға оқытушы **Джоламанова Г.Д.** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан.
Магистр аға-оқытушы **Байғонова А.С.** Оңтүстік қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ.

«Жас бала - жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді» - деген халқымыз. Жерге отырғызған жас көшет те қашан тамыры тереңдеп, жапырағы жайқалып, саялы ағаш болып үлкейгенше мәпелеп күтіп, үзбей тәрбиелеуді қажет етеді. Тәрбие –ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибе мен қазақтың ізгі қасиеттерін болашақ ұрпақтың бойына сіңіру және олардың мектептегі оқушылармен қарым-қатынасын, отбасында алған тәлім-тағылымын болашақ өмірінде қолдана білу. Қазақ халқы бекер айтпаған –алдымен, балаға жақсы тәрбие беру қажет, одан кейін – үйде алған тәрбиесі, соған сай мінез-құлқын, дүниетанымын қалыптастыру құралы.

Бастауыш сынып оқушыларының музыкалық тәрбиесі қоғамдағы толғандырарлық бірінші кезектегі міндеттердің қатарына жатады, бұл өскелең ұрпақты музыкалық-адамгершілік тәрбиелеу мәселелерінің бірқатар маңызды аспектілерін түбегейлі шешуге кең жол ашады. Бастауыш сынып оқушыларының музыкалы-адамгершілік тәрбиесін жандандыру мәселесі педагогтар алдына балалардың әр түрлі қабілеттерін дамытуға оңтайлы көзқарас, бағдар беру жолдарын іздеу және табу мәселелерін қойды. Музыка және адамгершілік мәдениет мәселелеріне бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығы мен назарын күшейту мәдениет саласын кеңейтуге елеулі әсер етеді. Өнер мен өмір сұлулығы, сыртқы әшекей емес, оның мәні – адамгершілік, оның ішкі мазмұнының ажырамас бөлігі ретінде өмірдің барлық салаларында озады. Өнер адамның өмірі мен қызмет саласындағы мәні деуге болады, ал бастауыш мектептегі өнер рөлін кеңейту тиісінше педагогикалық мәселелер шеңберінің кеңеюіне әкеп соғады. Адамгершілік, еңбек, өндіріс, спорт, адамның мінез-құлқы және, әрине, музыка – осының бәрі ғылымның, қоғамның дамуындағы тамаша аспектілердің толық тізімі.

Бастауыш сынып мұғалімдері тәрізді музыка сабағында да оқушыларға адамгершілік тәрбие беру үшін пән мұғаліміне де жауапкершілік жүктеледі. Өмірдің барлық жақтарына адамгершілік жағынан әсер ететіні және белсенділікті, яғни бастауыш сынып оқушы тұлғасының зияткерлік іс жүзінде – әрекет белсенділігін арттыру, сонымен қатар музыкаға деген қызығушылық қажеттілігі басты мәселеге жатады. Жалпы мектептердің музыка сабағында бастауыш сынып оқушыларының күш-жігерін шоғырландыру, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру аспектілерінде музыкалық тәрбиені одан әрі жетілдіру, музыкалық қабілеті нашар дамыған оқушылардың музыкалық-шығармашылық дағдыларын белсендіру, музыкалық өнер құралдарымен тәрбиелеу қажет – деп санаймыз.

Әлеуметтік күрделі өтпелі кезеңнің қазіргі жағдайында тұлғаны еңбекке баулу, адамгершілікке және эстетикалық сұлулыққа тәрбиелеу басты мақсаттардың бірі болып қала береді. Платонның айтуынша, музыка бүкіл әлемді жігерлендіреді, жаныңа күш-қуат береді, қиял ұшуына мүмкіндік береді. Философ музыканың құдіреті күшті, музыка өмірдегі барлық жақсылықты сыйлайды - деп тұжырым жасайды [1]. Яғни, бастауыш сынып оқушы тұлғасының музыка сабағына қызығушылық қабілеттерін дамытуға және қалыптастыруға жол ашу, бұл дегеніміз, музыка сабағында болашақ дарынды музыкант немесе музыка әлеміне құштарлығын ояту. Бұдан жас бала әртүрлі қазақтың қоңыр үнді домбырасын немесе классикалық музыкаларды тыңдау арқылы, олардың мәдениеті жоғарылайды деп ой түюге болады.

«Музыка жанның этикалық жағына танымдық әсер етуге қабілетті, музыка мұндай қасиеттерге ие болғандықтан ол жастар тәрбиесі пәндерінің қатарына қосылуы тиіс» – деп Аристотель айтқан[2]. Яғни, ол музыка болашақ жастардың тәрбиесінде басты құндылық ретінде қажетті дүние екенін жеткізген.

Музыканың адамдарға эмоционалдық күш беретін қасиеті бар болғандықтан, тұлғаның жоғары мәдениеттілігін, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі болып табылады. Осылайша, бастауыш сынып оқушылары музыка құдіретінің арқасында олардың өз-өзіне деген сенімділігі және жеке тұлға ретінде ерекшеленуіне жетелейді. Демек, музыкалық тәрбие адамгершілік пен білім берудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Француз сәулет өнеріне өзіндік стилімен ерекшеленетін Ф.Делакрой (1798-1863) музыка туралы керемет нақыл сөздерінің бірінде, егер музыка өнері өзіндік стилін сақтамаса, басқа өнер түрлері сияқты оның да маңызы жойылатынын айтқан[3]. Яғни, бастауыш сынып оқушыларына музыка сабағында ата-бабамыздан қалған қазақ музыка өнерінің барлық стилін, жанрын дәріптеп, олардың бойларына сіңіру қажет деп тұжырымдаймыз.

Белгілі педагог-музыканттар М.Х.Балтабаев, П.М.Момынов, С.А.Ұзақбаева, Р.Джердималиева, А.А.Қалыбекова, Р.Қ.Дүйсембінова, Р.Ш.Сыдыкова, А.Б.Күздеубаева, О.А.Апраксина, Б.В.Асафьев, Н.А.Ветлугина, Н.А.Грозденская, Д.Б.Кабалевский, Э.Б.Абдуллин және т.б. музыкалық білім беру педагогикасы мен шеберлікті және дағдыларды, музыка өнеріне қызығушылықты дамыту түрлерін зерттеген, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, Н.Мазель, М.Жұмабаев, Т.Тәжібаев және т.б. еңбектерінде қызығушылық, қабілет жөнінде өз ойларын тұжырымдаған [4].

XIX ғасырдың ортасынан бастап музыкалық психология ғылым ретінде қалыптаса бастады. Неміс ғалымы Г.Д.Ф.Гельмгольц бұған негізгі серпін берді. Ол эксперименталды психофизиология саласындағы зерттеулерге тікелей байланысты музыкалық-есту қабілетін ғылыми тұрғыда дамуына ықпал еткен. Музыкалық есту-қабілеті, музыкалық қабылдау туралы зерттеген ғалымдар: Г.Ревеш, К.Сишор, Б.М.Теплов, В.В.Медушевский, Л.Л.Бочкаров, В.И.Петрушин, А.Г.Готсдинер және т.б [5]. Олар музыкалық қабылдау мен музыкалық есту қабілеті психологиясына қатысты мәселелерді терең зерттеген. Осы ғалымдардың теорияларына сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының бойынан музыкалық қызығушылығы мен қабылдауын зерттеуді жөн деп санадық.

Музыка сабағының басты мақсаты мұғалімнің оқушыларға музыкалық өнердің мақсатты әсерін, оның қызығушылық қабілеттерінің белсенділігі мен тереңдігін және өзіндік музыкалық көркем шығармашылық тұлға қалыптастыруы. Сабақта оқушылардың музыкалық қызығушылық қабілетінің қалыптасуына маңызды рөл беріледі.

Сабақтарда қызығушылық бірқатар себептер бойынша шектеулі сипатқа ие, бірақ сыныптан тыс жұмыстарда оған үлкен мүмкіндіктер ашылады. Мысалы, оған әңгімелер, әртүрлі мерекелік іс-шаралар, музыкалық өнер достарының үйірмелері, мұражайларды аралау, сурет галереялары, балаларға арналған театрлар, концерт залдары және т.б. жатқызуға болады. Музыка туралы әңгіме, әдетте екі түрлі әсер етуі мүмкін: интеллектке және бастауыш сынып оқушыларының сезімдеріне. Әдістемелік тұрғыдан музыканы тыңдау, өнер туындыларын көрсету, яғни оқушылардың сезімдеріне тікелей қарау, өнер туралы ойлана отырып, параллельді болу маңызды.

Сынып және сыныптан тыс жұмыста оқушыларды адамгершілік ағарту формаларының арасында өнерді тікелей қабылдау мүмкіндігі ерекше рөл атқарады. Әңгіме музыкалық кино-телефильмдерді көру, музыка тыңдау және көркем сөз оқу, бейнелеу өнері туындыларының, театрдың көрмелеріне бару болып отыр. Адамгершілік тәрбиенің осы формаларының негізгі мақсаты бастауыш сынып оқушыларының сезімтал тәжірибесін байыту мен саралаудан тұрады. Музыка сабағының тәжірибесі көрсеткендей, жүйелі түрдегі тыңдалым классикалық музыканы біртіндеп түсінуіне алып келеді және оған деген қызығушылықты дамытады. Алайда, өнер туындыларын кез келген тікелей қабылдау белгілі алдын ала және ілеспе ағартуды талап ететінін ескеру керек, бірақ бұл ұтымды сәт өнер туындыларын эмоциялық қабылдауына қысым жасамай, тек оған бағдар берілгені жөн. Сонда балаға өзін музыка сабағында басқа пәндердегідей емес, жеңіл сезінуіне және өзіндік қалауымен оқуына мүмкіндік беріледі. Музыкалық ертеңгіліктерді, мерекелік

кештерді, ағартушылық әңгімелесулерді дайындау және өткізу кезінде оқушылардың ойлауы мен сезімдерінің тиісті үйлесімін қамтамасыз ету үшін олардың негізгі мақсатын нақты анықтау, ал ең бастысы – осы кездесулердің дұрыс идеялық бағыттылығына қамқорлық жасау маңызды. Жалпы білім беретін мектеп үшін музыка бағдарламасы сабақты нақты тақырыптық материалды қолдана отырып, мұғалім оқушылардың бойында патриоттық сезімді, ұлттық мақтаныш пен интернационализм, Отан үшін ерлік пен батырлыққа тәрбиелеуі тиіс. Мектеп балаларды өнерді сүйе және түсінуіге, оларды шығармашылық белсенділікті, қиялды, көркем категориялармен ойлай білуге үйретуі тиіс, бұл оқушылардың адамгершілік ағартылуы болып табылады. Музыка сабағының мақсаты ең алдымен бастауыш сынып оқушыларына музыкалық өнерге деген қызығушылыққа, музыкалық ақпаратты білуге үйрету.

Педагог-музыканттың идеяларының, ойларының сезімдері мен ұмтылыстарының қорытылуы оның психикасының жай-күйін қалыптастырады, ол ой мен шығармашылық қызметтің нәтижесін болжайды. «Кез келген оқушы үшін «қуаныш, таңқаларлық» көзі болатындай жағдай жасауға болады». Оқудағы қуаныш, оқушының еңбегінің кез-келген түрі-қол жеткеннің санасынан... «Музыка – ойдың құдіретті көзі. Музыкалық тәрбиесіз толыққанды ақыл-ой дамуы мүмкін емес», В.А.Сухомлинский[5].

Бұдан шығатын ой, мұғалім әр оқушының өзіндік ерекшелігін, басқа оқушыларға ұқсамайтын қабілетін байқап, оны әрі қарай дамытуына жағдай жасау арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығын, өз ынтасымен оқуға және қуанып, сабақтан ляззат алуына жетелеуі қажет. Сонымен бірге, мұғалім оқушыға жетістігін шынайы бағалау, ынталандырып отырса, музыка сабағына қызығушылықтары артады деп ойлаймыз. Музыка мұғалімі қызметінің басты мәні әрбір оқушыға оқу және сыныптан тыс жұмыста шығармашылық табыс жағдайын жасау болып табылады. Нәтижесінде мұның бәрі оқушылардың адамгершілік дамуына әсер етуде. Әр мұғалімнің шығармашылық зертханасы өзінше бірегей.

Қорытындылай келе, әр педагогтың қызметінде өзіндік іс-әрекеттері, қызықты олжалары, ой-өрістері болуы керек, музыка мұғалімі оқушыларды музыка сабағына қызығушылығын арттыру үшін мына төмендегі шарттарды терең меңгеруі тиіс: -музыкаға деген шынайы қызығушылық, оқушымен тікелей қарым-қатынас; -аспапта жоғары деңгейде меңгеру; -есту қабілетінің жоғарлығы; -музыка сапасы мен оның орындаушысына саналы көзқарас; -оқушыларға қызықты материалдарды ұсыну; -музыкалық қабілеттердің өсуін қадағалау; -музыкалық импровизация жасау; -өнердің басқа түрлеріне қызығушылық және т.б. Музыка сабағында оқытудың дәстүрлі және жаңа тәсілдерін, әдістерін, формаларын үйлестіру бастауыш сыныптарында ерекше тыныштық, сенім, қызығушылығы мен шығармашылық атмосферасын қалыптастыра отырып, оқушыларды дамыту мен тәрбиелеу міндеттерін шешуге мүмкіндік береді. Қызығушылық музыкалық және эстетикалық сананың негізгі компоненті, музыкаға субъективті эстетикалық қатынас және оның негізгі эмоционалдық және интеллектуалдық көріністері болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Платон музыка туралы нақыл сөз.
2. О душе. Аристотель.//Сборник.-Мир книги, литература. –М.2007.
3. Делакруа Э. Мысли об искусстве, о знаменитных художниках.-М.1996.
4. Сухомлинский В.А. Интернет дереккөзі.
5. Замятина Т.А. Музыкальная деятельность ребенка в пространстве педагогической реальности.// – Волгоград: Издательство, 2008.-155 с.